

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ОРТАҚ ЛЕКСИКА СИПАТЫ

Бисенгали Іңкәр Бақытжанқызы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университетінің білім алушысы

Ғылыми жетекші: филология ғылымдарының кандидаты, доцент
(қауымдастырылған профессор) Мұратбек Бағыла Құрманбекқызы

Аннотация. Түркі тілдері - Қиыр Шығыстан Жерорта теңізіне дейінгі кең байтақ жерді алып жатырған, өзара туыстас халық тілі. Түркі тіл семьясына жататын тілдер ішінара грамматикалық, фонетикалық, лексикалық және синтаксистік құрылымы жағынан ұқсас болып келеді. Бұл жұмыста қазақ және түрік тілінің құрылымдық ұқсастықтарын талдай отыра, ортағасырлық еңбектер арқылы нақты дәлелдер келтірілетін болады. Ортағасырлық Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегіндегі сөздердің қазақ және түрік тіліне ортақтығы сөз етіледі. Сол уақыттардағы еңбектер араб тілінде жазылу себебі мен араб тілінің түрік және қазақ тілінде көрініс табатын лексикалық құрылымның ұқсастықтары көрсетіледі. 8-ғасырға тән «Күлтегін ескерткіші» Ғұбайдолла Айдаровтың зерттеунамасы негізінде бүкіл түркі дүниесіне ортақ ескерткіштің тілдік құбылыстарына кеңінен тоқтала отыра, қазіргі тілдік бірлікпен салыстырылады. «Орхон-Енисей» жазба ескерткіші түркі тілдес халықтардың ортақ ескерткіші ретіндегі маңызын көрсету арқылы, тарих қойнауына шолу жасалады. Синтаксистік құрылым бойынша қазақ және түрік тілдерінің орыс және ағылшын тілдерінен айырмашылығы көрсетіледі. Түркологияда түркітілдес халықтардың тілінің тарихи тамырын бір арнадан іздеу ежелден бар үрдіс. Осы үрдіс негізінде өткен мен бүгінді талдап, бір арнаға тоғыстыратын боламыз.

Abstract. The Turkic languages are mutually related vernacular languages that occupy a vast territory from the Far East to the Mediterranean Sea. The languages belonging to the Turkic language family are partially similar in grammatical, phonetic, lexical and syntactic structure. Analyzing the structural similarities of the Kazakh and Turkish languages, this work will provide convincing evidence of medieval writings. The medieval work of Mahmoud Kashgari "Divani lugat-it-Turk" expresses the commonality of words in the Kazakh and Turkish languages. The works of that time reflected the similarity between the Arabic language and the lexical structure of the Arabic language, reflected in Turkish and Kazakh. The "Monument to Kultegin", characteristic of the 8th century, is compared with modern linguistic unity, broadly touching upon the linguistic phenomena of the monument, common to the entire Turkic world. The written monument "Orkhon-Yensei", reflecting its importance as a common monument to Turkic-speaking peoples, provides an overview of the depths of history. The syntactic structure indicates the difference between Kazakh and

Turkish languages from Russian and English. In Turkology, the search for the historical roots of the language of the Turkic-speaking peoples through one channel is a long-standing trend. Based on this trend, we will analyze the past and the present and combine them into one channel.

Аннотация. Тюркские языки-это взаимно родственные народные языки, занимающие обширную территорию от Дальнего Востока до Средиземного моря. Языки, относящиеся к тюркской языковой семье, частично схожи по грамматической, фонетической, лексической и синтаксической структуре. Анализируя структурные сходства казахского и турецкого языков, в данной работе будут приводиться убедительные доказательства средневековых трудов. В средневековом произведении Махмуда Кашгари «Дивани лугат-ит-Турк» выражена общность слов на казахском и турецком языках. В произведениях того времени отражено сходство между арабским языком и лексической структурой арабского языка, отраженной в турецком и казахском языках. «Памятник Культегину», характерный для 8-го века, сравнивается с современным языковым единством, широко затрагивая языковые явления памятника, общего для всего тюркского мира. Письменный памятник «Орхон-Енсей», отражая его значение как общего памятника тюркоязычным народам, дает обзор глубин истории. По синтаксической структуре указывается отличие казахского и турецкого языков от русского и английского. В тюркологии поиск исторических корней языка тюркоязычных народов по одному каналу-давняя тенденция. На основе этой тенденции мы будем анализировать прошлое и настоящее и объединять их в одно русло.

Кілт сөздер: синтаксистік құрылым, фонетикалық құрылым, түркі тіл семьясы, лексикалық құрылым, грамматикалық құрылым

Әдеби тіл тарихы - сан ғасырлық тарихи кезеңдердің негізінде қалыптасып, сұрыпталып, өңделіп қазіргі уақытта тарихи категорияға ие болып отыр. "Әдеби тілдің тарихы - бұл жазба ескерткіштердің тарихы" деген пікірді академик Р.Сыздықова "Қазақ әдеби тілінің тарихы" атты еңбегінде арнайы келтіреді [1,5]. Түркі тілдері- Қиыр Шығыстан Жерорта теңізіне дейінгі кең байтақ жерді алып жатырған, өзара туыстас халық тілі. Түркі тіл семьясына жататын тілдер өзара грамматикалық, фонетикалық, синтаксистік және лексикалық құрылымы жағынан ұқсас болып келеді. Сол түркі тілдері тобына жататын қазақ пен түрік тіліндегі құрылымдық ұқсастықтарын көрсету үшін ортағасырлық бірқатар еңбектерге шолу жасайтын боламыз.

Ортағасырлық Махмуд Қашқаридің “Диуани лұғат-ит-түрк” (Түркі тілдері сөздігі) еңбегі түркі дүниесіне ортақ мұра және ежелгі тіл жәдігері. Бұл еңбек араб тілінде жазылған түркі сөзінің аудармалары. Бұл еңбектен қазақ және түркі тіліне ортақ лексиканы көре аламыз. Алдымен, бұл еңбек не себепті араб тілінде жазылды деген сауалға тоқталайық. Тарих қойнауына көз

жүгіртетін болсақ 751 жылы Атлах шайқасы түркі әлеміне үлкен өзгеріс әкелді. Біріккен араб пен түрік әскері Тан империясымен соғысының нәтижесі жеңіспен аяқталды. Соғыстың тағы бір нәтижесі күллі түркі жеріне араб мәдениеті мен ғылым-білімі таралды. Әсіресе, 8-10-ғасырларда Ұлы Жібек жолы бойына арабша сауат ашатын медреселер салынып, көне түркі жазуының орнын араб жазуы басты. Араб тілі түркі халықтарында әдеби тіл қызметін атқарып, түркі әлеміне құнды еңбектер араб тілінде жарық көрді. Дегенмен, біздің түркі халықтарының тілі жойылып кетпеді, тек араб қаріпіне көшті.

Талдау:

- « اِنْكَ » іңек деп оқылатын бұл сөздің мағынасы сиыр деген ұғымды білдіреді. Түрік тілінде «сиыр» сөзі дәл осылай, яғни «inek» деп қолданылады. Бір қарағанда араб тілінде жазылғанымен бұның түрік сөзі екендігін аңғаруымызға болады. Себебі араб тілінде сиыр сөзі «البقرة» «бақара» деп қолданылады.

- « اُنْتُى » сөзінің оқылуы унутты. Қазақ тілінде «ұмытты» деген ұғымды білдіретін бұл сөз түрік тілінде «unuttu» деп қолданылып, дәл осы мағынаны білдіреді. Араб тілінде «نسييت» «ұмытты» сөзінің жазылуы әрі айтылуы басқа фонетикалық құрылым екенін негізінде құрылған [2,252].

- « بُشْنى » бос мағынасында жазылған бұл сөздің екі тілде де беретін мағынасы «бос» (қазақ тілінде) «boş» (түрік тілінде), ал негізгі араб тілінде «فارغة» «фарига» [2,386].

- « قشنى » қыш деп оқылатын бұл сөз қазақ және түрік тілінде де бір мағынада «қыс» мезгілін білдіру үшін жұмсалады [2,389].

- « اَرْ » ер мағынасында қолданылатын сөз. Қазақ тілінде де түрік тілінде де «ер, ер адам» мағынасында лексикалық қорымызда бар.

- « اَوْت » EVET EBET: «дұрыс, мақұл, әлбетте» деген мағынадағы сөз.

Бұл сөз қазақ тілінде қолданыста жоқ, ал түрік тілінде осы күйінде қолданылады.

Диуани лұғат-ит-түрк” еңбегіндегі «Алып ер Тұңғаны жоқтау» жырының тілдік қолданысындағы шылаулар:

- Алп ер Тұңға өлдүмү
Әсіз аздұн қалдымү
Өзлэк өдшін алдымү
Өмді йүрэк йүртілүр [3,63]

Аударма:

Алып ер Тұңға өлгені ме,
Өзіз дүние қалғаны ма.
Тағдыр өшін алғаны ма
Енді жүрек жыртылды

«өлдүмү»; «қалдымү»; «алдымү» - бұл жерде тіркесіп тұрған «мү» қазіргі қазақ тіліміздегі «ма, ме, ба, бе, па, пе» сұраулық мағынадағы шылаулар. Қазақ тілінде дыбыстық өзгеріске ұшырған.

Түрік тіліндегі нұсқа бойынша, «мү» - «tu, mi, mü, mı» сұраулық шылау. Бұл жерде фонетикалық құрылым сақталған.

Осы мысалдар арқылы Махмуд Қашқаридің “Диуани лұғат-ит-түрк” (Түркі тілдері сөздігі) еңбегі араб тілінде жазылды дегенімізбен, сөздік ішінде сөз қолданыстары көне түркі тілін құрайды. Сонымен қатар, қазіргі лексикалық қорымызда қолданыста жүрген бұл сөздер 11-ғасырлық еңбекке тән екендігін көре аламыз.

Араб тілі түркі тілдер семьясына жатпағанымен, қазақ және түркі тіліне ұқсайтын лексикалық қоры да жоқ емес. Сөздік ретінде жинастыратын болсақ, мына бір мысалдарды келтіруімізге болады:

Араб – түрік – қазақ
دفتر – defter – дәптер
كتاب – kitap – кітап
دكان – dükkân – дүкен
دنیا – dünya – дүние
فيل – fil – піл
خبر – haber – хабар
حقیقة – hakikat – ақиқат
بركة – bereket – берекет
هواء – hava – ауа.

Түрік халықтарында араб тілі әдеби тіл қызметін атқарды десек, осы ретте әдеби тілдің қалыптасу жолдарын ашып көрсетейік. Әдеби тілдің негізгі үш қалыптасу жолы бар.

1. Бөтен халықтың тілінен қалыптасады;
2. Ең күшті диалектіден қалыптасады;
- Бұл түрколог ғалым Сәрсен Аманжоловтың тұжырымдамасы бойынша
3. Жалпыхалықтық тілдің негізінде қалыптасады;

Демек, араб тілінің түркі тіліне әсерін әдеби тілдің қалыптасуының бірінші жолы ретінде қарастырамыз. Түркі тілдерінің лексикалық қорын араб тілі ғылым-білім, дін негізінде құрады. Бұл жоғары дамыған мәдениет пен өркениет, әрі тарихи оқиғалардың көрінісі.

Келесі, талдайтын еңбегіміз 8 ғасырға тән «Күлтегін ескерткіші» Ғұбайдолла Айдаровтың зерттеунамасы. 1995 жылы жарық көрген еңбекте түркі тілдерінің ортақ тілдік құбылыстарыды салыстырмалы лексикология негізінде қарастырамыз. «Күлтегін ескерткіші» 682 жылы Шығыс түрік қағанатының негізін қалаған Елтеріс қағанның ұлы. Орхон Енисей өзені бойынан табылған ескерткіште ержүрек қолбасшы Күлтегіннің ерлігі баяндалған. Түркі әлеміне ортақ мұра көне түркі тілінде жазылған.

И.Т.Страленберг швед офицери, Енисей жазуын тауып, тарихта «руна» деген атау берді. Көне түркі жазуы қазіргі түрік және қазақ тілінің лексикалық құрылымында қолданылуына тоқтайық.

Көне түркі тілі – қазақ тілі – түрік тілі

АТЫН – оның атын – onun adı [4,19]

- АТ – адамның есімін атағанда қолданылатын сөз. Бұл сөздің қолданылуы қазіргі қазақ және түрік тіліне де ортақтығын көреміз. Мысалда тәуелдік жалғауы арқылы берілген ұқсастық.

ЕБ – үй – ev [4,20].

- ЕБ - бұл сөздің қазіргі уақыттағы қолданылу аясы тек түрік тіліне ғана тән екендігін көреміз. Көне түркі тілінің ескерткішіндегі сөз бүгінгі күні түрік әдеби тілінің негізінде қарастырылып отыр.

ОТУЗ – отыз – otuz [4,22].

ИГІРМІ – жиырма – yirmi [4,40].

ЙЕТІ – жеті – yedi [4,36]

- Сандық мағынаны білдіретін сөздерде фонетикалық айырмашылық бар. «Игірмі» және «Йеті» сөздерінде қазақ тіліндегі «-ж» дауыссызы түрік тілінде «-у» дыбысына ауысып, фонетикалық өзгеріске ұшырап отыр.

ЙЫМЧАҚ – жұмсақ – yumuşak [4,37]

ЙАШЫЛ – жасыл – yaşıl [4,38]

ЙЫЛ - жыл - yıl [4,38]

ЙОҚ – жоқ – yok [4,75]

ЙОЛ – жол – yol [4,36]

- Мына бір мысалдардан да қазақ тіліндегі «-ж» түрік тілінде «-у» дыбысына ауысып, фонетикалық өзгеріске ұшырағандығын көреміз.

ТАШ – тас – taş [4,32]

ҚАШ – қас – kaç [4,76]

- Түрік тіліндегі «-ш» дыбысы қазақ тілінде «-с» дыбысына ауысып қолданылған.

Филология ғылымдарының докторы Ғұбайдолла Айдаровтың «Күлтегін ескерткіші» зерттеунамасы бойынша көне түркі тілі қазақ тіліне аударылған. Саралау жүйесі негізінде қазақ тіліндегі бүгінгі сөздік қорымыздағы сөздер түрік тілінде де қолданыста екендігін анықталды. Қазіргі қазақ тілі мен түрік тіліне де ортақ лексика 8-ғасырға тән ескерткіштен де аңғаруымызға болады.

Академик, профессор, филология ғылымдарының докторы Рабиға Сыздықованың «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» еңбегін негізге ала отыра, ортағасырлық Қадырғали Жалайыри «Жами'ат-тауарих» атты жылнамалық еңбегінен қазақ тіліне қатысы бар сөздердің қолданысы арқылы түрік тіліне ұқсас тілдік ерекшеліктерді байқауымызға болады.

«САНДАЛ» - қазақ тілінде «орындық, тақ» деген мағынаны білдіреді. Алайда, қазіргі тілдік қолданыста бұл сөз қазақ тілінде жоқ болғанымен, түрік тілінде «sandalye», яғни орындық мағынасында қолданылып жүр. Еңбектен

үзінді: «Мубарак аитунлық сандалны кетуруб, мәсжид ішінде құрдылар»[5,157].

«ТАМАМ БОЛДЫ» - қазақ тілінде «аяқталды, жарайды болды, тәмәмдалды» мағынасында қолданылады. Түрік тілінде «tamam» сөзі дәл осы мағыналық қолданыста жұмсалады [5,158].

«ШАҺАР» - қазақ тілінде көне қолданыстағы «үлкен қала» сөзі қазіргі түрік тілінде «үлкен қала», яғни «şehir» мағынасында қолданылады[5,160].

«ЙАРАШМАҚ» - қазақ тіліндегі мағынасы «жарасу». Түрік тілінде «уараşmak» жарасу, лайық болу мағынасында қолданыста жүр. Еңбектен үзінді: «Йарашмақлықны охшатыб елчі йіберді» [5,153].

«СОҢРАТЫН» - «кейін, кейіннен, соңынан» мағынасын білдіріп, түрік тілінде «sonra» кейін мағынасында жұмсалады. Еңбектен үзінді: «Моғоллар уа түрклер соңратын бу сөзні суралар» [5,158].

Осы тұста түрік тілі морфологиясына тоқталсақ. Қазақ тілінде көптік жалғау « -лар , -лер, -дар, дер, -тар -тер» болып, алты формада кездессе, түрік тілінде « -лар, -лер» деген екі формада ғана сөзге жалғанады. Жоғарыдағы мысалда «Моғоллар, түрклер» сөзіне жалғанған көптік жалғау екі тілде де кездеседі, алайда түрік тілі морфологиялық құрылымына жақын.

«ҚЫШҚЫСЫН» - «қыста» [5,156]

Қыс сөзі түрік тілінің «kış» лексикалық және морфологиялық нормасы негізінде жасалған.

«ЙҮЗ ҰРУ» - «бет алу, бет алып жүру» [5,154]

Мән берілу керек тұс «йүз» сөзі. Адамның жүзі деген мағынада қолданылады. Түрік тілінде дәл осы қолданыста. Фонетикалық өзгеріс алғашқы көрсеткен мысалдарымызға саяды.

Қазақ және түрік тіліндегі синтаксистік норма бірдей формада жасалады.

Мысалы, «Айша мені жетім қалған үйге жетектеп кіргізді». (Ш.Мұртаза «Ай мен Айша»)

Қазақ тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынұлының «Тіл құрал» еңбегіне сүйенсек, бастауыш мүше сөйлемді бастап, баяндауыш мүше сөйлемді тиянақтап тұрады. Бұл қазақ тілі синтаксисінің негізі заңдылықтарының бірі. Дәл осы заңдылық түрік тілі синтаксисінің принципі.

Мысалы, «Halime Kadın salı sabahı erkenden kalktı».(«Sıcak ekmek» Gülten Dayıoğlu)

Демек, түрік тілінің синтаксисінде де бастауыш мүше сөйлемді бастап, баяндауыш мүше аяқтап тұрғандығын көруімізге болады.

Қазақ және түрік халықтарының ортақ қырлары жетерлік, бұл екі ұлттың түркі тектес болуымен түсіндіріледі. Мұндай ұқсастық белгілері олардың мәдениетінде, дінінде, дүниетанымында, салт-дәстүрлерінде ғана емес, тілдерінде де көрініс табатынын көрдік. Сонымен қатар, қазақ тілі түркі семьясына жататын тілдердің ішінде түрік тілімен салыстыра қарап, өз

кезегінде ішінара ұқсастықтарды(фонетикалық тұрғыда,лексика) тілдің элементтерін көрсету.Қорыта келгенде, тіліміздің тарихының қайнар көзі болған «Орхон-Енисей» ескерткіштерінде, Махмуд Қашқаридің “Диуани лұғат-ит-түрк” (Түркі тілдері сөздігі), Қадырғали Қосымұлы Жалайыри «Жами`ат-тауарих» атты жылнамалық еңбегінде қолданылған сөздер (лексика) қазіргі қазақ тілі мен түркі тілінен этногенезистік тұрғыда көп алшақтай қоймады.

Әр ұлттың, этностың тарих сахнасында өзіндік орнын ойып тұрып алуы оның тілі, ділі, мәдениетімен тығыз байланысты. Тарихта орын алған сан ғасырлық оқиғалардың нәтижесінде өз тілін сақтап қалған түркі тілдерінің, оның ішінде бүгінгі зерттеуге арқау болып отырған қазақ және түркі тілінің тарихы сонау тереңнен басталып, бүгінгі күнге дейін өз тіл тәуелсіздігін сақтап келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сыздықова Р. "Қазақ әдеби тілінің тарихы" Алматы,"Ана тілі", 1997 ж.
2. Қашқари М. “Диуани лұғат-ит-түрк” (1- том. Аударған Егеубай А.Қ). Алматы,2017 ж.
3. "Қазақ әдеби тілінің тарихы" хрестоматия. Қалиев Ғ , Боранбаева. Ғ (Алматы, 2000 ж.)
4. Айдаров. Ғ «Күлтегін ескерткіші» (Алматы, 1995 ж.)
5. Сыздықова. Р «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» (Алматы, 2009 ж.)
6. Қадырғали Жалайыри «Жами`ат-тауарих» (1997 ж.)
7. Мұратбек Б.Қ, Әмірғали Ж.О. «Қазақ-түрік тілдері ортақ лексикасының салыстырмалы сөздігі». Ақтөбе, 2022ж.